«Бекітемін»
ЖШС «Smart kids» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі _____Бейсенбиева Ш.Б.

ЖШС «Smart kids» бөбекжай балабақшасы 2026-2027 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жылдық жоспары



Мазмұны

1. 2025-2026 оқу жылына **SWOT**талдау;
2. 2026-2027 оқу жылына қойылатын жылдық міндеттер;
3. Балабақша жайлы мәлімет;
4. Мектепке дейінгі мекемедегі іс-әрекеттің нормативтік- құқықтық негізі;
5. Балабақшаның қызметін жоспарлау (оқу- тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың бөлімдері).

I. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1. Аттестаттауға дайындық және аттестаттау;
1.2. Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) арттыруы;
1.3.Біліктілікті арттыру курстарынан өту (педагогтердің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курсынан өту үлесі);
1.4.Педагогтердің өз білімін жетілдіруі;
1.5.Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы;

II. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс

2.1.Ашық көрсетілімдер мен мерекелік ертеңгілік шаралар;
2.2.Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу;
2.3.Әдістемелік кеңестерді дайындау және өткізу;
2.4.Семинарлар, семинар-практикумдарды өткізу;
2.5.Ашық есік күніне қатысу;
2.6. Балабақшада қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті;
2.7. Балаларының жолда жүру қауіпсіздігіне бағытталған іс – шаралар;
2.8. Инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
2.9. Эксперименттік әрекетке қатысу.
2.10. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
2.11. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
2.12. Педагогикалық консилиум жұмысын ұйымдастыру;
2.13. МДҰ Педагогикалық этика жөніндегі кеңесінің жұмысын жоспарлау.

2.14. Жас мамандармен жұмыс

III. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.

3.1. Жалпы ата-аналар жиналысын ұйымдастыру:

- тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) Меңгерушіиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жоспарланады (ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар және т. б.);
- балалардың, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығы (конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық);
- ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабардар ету

3.2.«Әжелер» мектебі, «Аналар» мектебі, «Әкелер» мектебінің жұмысын ұйымдастыру;
3.3. Ата-аналарға кеңес беру орталығының жұмысын ұйымдастыру.

IV.Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.

- Келісім шарттар жасалған мектептермен және ұйымдармен жұмыста сабақтастық мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарланады.

V. Бақылау мен басшылық.Бұл бөлім мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы бақылау-диагностикалық қызметімен байланысты және ішкі бақылау жүйесі ретінде ұсынылады. Мұнда бақылаудың түрлері мен нысандары жоспарланады (шұғыл, тақырыптық, кешенді, фронтальды);

5.1. Бақылау мен басшылықтың мазмұны;
5.2. Өндірістік жиналыс
5.3 Әкімшілік жиналыс;

VI. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыстар жоспарланады: - жөндеу жұмыстары, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жарақтандыру және толықтыру.

2024-2025 оқу жылына SWOT талдау

S – күшті жақтары	W – әлсіз жақтары
• 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту процесі жоспарға сәйкес жүргізілуі; • тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы бойынша жыл бойы балалардың ауруы, арнайы емдеупрофилактикалық жұмысты ұйымдастыру үшін денсаулық топтары бойынша жиынтық деректер жасалуы; • сауықтыру жұмыстарының ұйымдастырылуы, шынықтыру, рационалды тамақтанудың ұйымдастырылуы; • Кіші топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейің қорытындылануы; • МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелерінің талдануы; • тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланысының нығаюы; • мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; • басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданды.	• жаңартылған білім беру бағдарламасымен педагогтардың қамтылу төмендігі; • пән мұғалімдеріне білім жетілдіру курстарның ұйымдастырылмауы; • заттық дамытушы орта талаптарының орындалу мүмкіндігінің төмендігі; • жаңа өзгерістерге сәйкес әдстемелік құралдардың тапшылығы; • педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелерінің төмендігі; • тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелерінің төмендігі.
O - мүмкіндіктері	**T - қауіп**
• Жаңартылған білім беру бағдарламасымен сертификатталған педагогтардың көмегі; • Педагогтер мен тәрбиеленушілерге байқауларға қатысу мүмкіндігінің қолжетімдігі; • Педагог мамандардың біліктілігін арттыруда әлеуметтік желінің мүмкіндігі.	• Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату; • Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы.

Балабақшаның бағыттары мен заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның өткен оқу жылындағы қызметін талдау қорытындылары бойынша
2026-2027 оқу жылына қойылған жылдық міндеттер:

- Тәрбиеленушілердің эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құру;
- Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістерін қарастыру,экологиялық бағыттағы әрекет түрлері мен мектеп жасына дейінгі балаларға отбасында экологиялық тәрбие беру жүйесін дамыту.
- мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша тәрбиелеу және оқыту кезінде тәрбиеленушілердің дене және Меңгерушіиялық денсаулығын, эмоционалдық әл-ауқатын қорғауға және нығайтуға кепілдік беру үшін материалдық базаны жетілдіруді жалғастыру;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру;
- Педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені енгізу және тарату;

Балабақша туралы мәлімет

Мектепке дейінгі ұйымның атауы– ЖШС «Smart kids» бөбекжай балабақшасы

Заңды мекен жайы– Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген Батыр ауылдық округі, Өтеген Батыр ауылы, Қуат ықшам ауданы, Ораз Жандосов көшесі 20.

Құрылтайшысы: Керімқұлов Алмат Ерболұлы.

Директоры - Совет Әйгерім Берікқызы.

Меңгерушісі– Бейсенбиева Шекера Байгановна

Байланыс телефоны: 8 708 9312396

Жоба қуаттылығы (орын)-70
Оқыту тілі- қазақ
Топтар саны-3

Жасы бойынша топтау және толықтыру.

- Мектепке дейінгі мекеме бағыты – жалпы білімділік, оқыту қазақ тілінде
- Балабақшада әр түрлі жас мөлшерінде 3 топ жұмыс жасайды деп күтілуде. Барлық сыйымдылығы - 70.
- Балабақшаға қабылдау **gu.almobl.kz** жүйесіне тіркеліп, ата-ана өтінішімен, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша алынған жолдама негізінде және ата-аналармен келісім шарт негізінде жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекемедегі іс- әрекеттің нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
8. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
12. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
13. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
14. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
15. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары
16. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты
17. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
18. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
19. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
20. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
21. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі
22. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері

23. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
24. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
25. «Үздік педагог» атағын беру қағидалары
26. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларымен шарттары
27. Педагогтік қайта даярлау қағидалары
28. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
29. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
30. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары
31. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік 7 қаржыландыру әдістемесі
32. Өрт қауіпсіздігі қағидалары
33. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

I. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1. Аттестаттауға дайындық және аттестаттау

Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) арттыруға даярлаудың жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Жауаптылар	Қайда қаралады
1	Балабақша бойынша аттестациялық кеңестің құрамын құру бұйрық шығару	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер	педагогикалық кеңес
2	Аттестаттауға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту.	Қыркүйек	Аттестаттау комиссиясының төрайымы	
3	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.02.2025 № 32 бұйрығы) бұйрығымен таныстыру, кеңес беру.	Қыркүйек	Аттестаттау комиссиясы	
4	«Әдістемелік аттестациялау мәселелері бойынша нұсқаулар» тақырыбында теориялық семинарларды ұйымдастыру	Қажеттілікке қарай	Әдіскер	
5	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету	Үнемі	Әдіскер	
6	**Аттестация комиссияның жұмысы:** а) аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен сұқбаттасу; ә) бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту; б) шығармашылық есебін тыңдау; Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы.	Қыркүйек - қараша-қаңтар	Аттестаттау комиссиясы	

7	**Аттестация комиссияның жұмысы:** ➢ Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу; ➢ Іс-құжаттар папкаларымен танысу; ➢ Аттестаттау парағын толтыру; ➢ Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру; Аттестациякомиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау)	Оқу жылы барысында желтоқсан – наурыз	Аттестаттау комиссиясы	
8	Келесі аттестатциядан өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін алу және деректер базасына енгізу, біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагог портфолиосын қабылдау-табыстау актісі бойынша материалдарды сараптамалық кеңеске жылына екі рет өткізеді.	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 № 72 бұйрығы) бұйрығы	Аттестаттау комиссиясы	

1.2. Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) арттыруы

№	Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)	Лауазымы	Санаты	Берілген уақыты, бұйрық №	2026	2027	2028	2029	2030
1	Бейсенбиева Шекера Байгановна	меңгеруші әдіскер	Педагог - модератор	23.06.2025 ж., №17 бұйрық					+
2	Байбалаева Салтанат Оразалықызы	Қазақ тілі мұғалімі					+		
3	Қайрат Айжан Қайратқызы	тәрбиеші					+		
4	Абдукаримова Айна Элесовна	тәрбиеші						+	
5	Темиржанова Асем	тәрбиеші						+	

1.3.Біліктілікті арттыру курстарынан өту (педагогтердің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курсынан өту үлесі)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)	Лауазымы	Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым), соңғы өткен мерзімі, сағаты	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен орны
1	Бейсенбиева Шекера Байгановна	меңгеруші әдіскер	02.02.2024–19.07.2024 ж.	1. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» — «Өрлеу», 11.09–21.09.2023, 72 академиялық сағат, №0653495.
2	Байбалаева Салтанат Оразалықызы	Қазақ тілі мұғалімі	16.08.2026–30.08.2026 (соңғы курс)	1. «Әдіскердің біліктілігін арттыру: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және дамыту» — DARYN USTAZ, 16.08–30.08.2026, 80 сағ., сертификат №644, 30.08.2026. 2. «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» — DARYN USTAZ, 19.11–03.12.2025, 80 сағ., сертификат №46608, 03.12.2025.
3	Қайрат Айжан Қайратқызы	тәрбиеші	16.08.2026–30.08.2026 (соңғы курс)	«Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби қызметіне қойылатын заманауи талаптар» — EDU MASTER, 80 сағ., сертификат №041614, берілген күні 16.09.2026
4	Абдукаримова Айна Элесовна	тәрбиеші	2026ж	1.Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби қызметіне қойылатын заманауи талаптар (Daryn ustaz)
5	Темиржанова Асем	тәрбиеші		

1.4.Педагогтердің өз білімін жетілдіруі (жобалау қызметі)

№	Педагогтің аты-жөні	Жас ерекшелігі	Бастау нысаны	Аяқталу нысаны
1	«Құстар әлемі» жобасы	4 жастағы балалар	Қыркүйек 2025 жыл	Мамыр 2026 жыл
2	«Қамқор» экологиялық тәрбие жобасы	3 жастағы балалар	Қыркүйек 2025 жыл	Мамыр 2026 жыл
3	«Үлкен сахнадағы кішкентай актерлер» жобасы	5 жастағы балалар	Қыркүйек 2025 жыл	Мамыр 2026 жыл

1.5.Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы.

№	Шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Педагогтердің біліктілігін арттырудың 2026-2027 оқу жылына арналған перспективалық жоспарын және педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бойынша өтінімдерді құру.	1 маусымға дейін	Меңгеруші, әдіскер
2	Тәрбиешілерге балалардың дамуына мониторинг жүргізу және дайындау үшін әдістемелік көмек	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Әдіскер

	көрсету.		
3	Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі семинарлар, вебинарлар, конференциялар, конкурстарға қатысуы.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
4	Заттық-кеңістіктік ортаны дамыту үшін педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
5	Құжаттаманы жүргізуге әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
6	Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс жоспары бойынша әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік және практикалық көмек.	Жыл бойы	Әдіскер
7	Педагог қызметкерлердің әріптестерінің ҰІӘ-не, іс-шараларына баруын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Әдіскер
8	Педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру бағыттарын анықтау, өздігінен білім алудың жеке жоспарларын құру.	Жыл бойы	Әдіскер

II. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс

2.1.Ашық көрсетілімдер мен мерекелік ертеңгілік шаралар

- әр түрлі жұмыс нысандары мен әдістерін қолдана отырып, педагогтерге әдістемелік көмек көрсету;
- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
- заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
- тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік-адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралары өткізу.

	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері (АК)				
1	Қараша, қаңтар айларының перспективалық жоспарындағы міндеттерге байланысты алынады.	АК	Қазан, Қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер, пән мұғалімдері
Мерекелік шаралардың ашық көрсетілімдері (АК)				
1	Қазақстан халқы тілдері күні *(5 қыркүйек);*	Ашық көрсетілім	Қыркүйек	Барлық топ тәрбиешілері
2	Республика күні *(25 қазан)*	Ашық көрсетілім	Қазан	Барлық топ тәрбиешілері
3	Жаңа жыл	Ашық көрсетілім	Желтоқсан	Барлық топ тәрбиешілері
4	Халықаралық әйелдер күні *(8 наурыз)*	Ашық көрсетілім	Наурыз	Барлық топ тәрбиешілері
5	Наурыз мейрамы *(21-23 наурыз)*	Ашық көрсетілім	Наурыз	Барлық топ тәрбиешілері
6	Қазақстан халқының бірлігі мерекесі *(1 мамыр)*	Ашық көрсетілім	Мамыр	Барлық топ тәрбиешілері
7	Отан қорғаушы күні *(7 мамыр)*	Ашық көрсетілім	Мамыр	Барлық топ тәрбиешілері

8	Халықаралық балаларды қорғау күні *(1маусым)*	Ашық көрсетілім	Маусым	Барлық топ тәрбиешілері

2.2.Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

№	Тақырыбы	Түрі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
	№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы**: «Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2026-2027 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау» **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2026-2027 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. Жазғы сауықтыруды ұйымдастыру нәтижелері. 3. 2026- 2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау: - МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау; - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру; - педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау.		Тамыз	меңгеруші, әдіскер, педагогтар

	4.Бекіту: - ұйымдастырылған іс-әрекеттің регламенті, күн тәртібі; - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарау және қабылдау; - 2026-2027 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары; - жұмыс циклограммалары; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау; - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту. 5.Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін жұмыс жоспарын қарау және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы. **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА**: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»			
	№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» **Мақсаты:** МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру». **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Ең үздік жобалау қызметі» байқауының қорытындысын талқылау. 3. Тақырыптық бақылау нәтижелері: (жазу). 4. «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері» 5. Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы. **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** «Бейнелеу қызметінің	Тақырыптық кеңес	Қараша	меңгеруші, әдіскер, педагогтар

	дәстүрден тыс әдістерін қолдану»			
	№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы:** «Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» **Мақсаты:** бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. №2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің көріністері» бейнесуреттемесі. «Ең үздік әдістемелік әзірлеме» педагогикалық шеберлік байқауының нәтижелерін талқылау. 4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін жасалған жағдайларды, әртүрлі құралдардың болуын бағалау». 5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу туралы: қызметкерлердің шаралары, міндеттері мен жауапкершілігі. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы. **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА**: «Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастырудың маңызы»	Дәстүрлі	Қаңтар	меңгеруші, әдіскер,педагогтар
	№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды	Дөңгелек үстел	Сәуір	меңгеруші, әдіскер,

	ұйымдастырудың маңызы» **Мақсаты:** Мерекені дұрыс жоспарлау және өткізу, мерекені әр баланың өміріндегі қызықты, есте қаларлық оқиғаға айналдыру, балаларға қуаныш сыйлау. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:** 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. ««Мектепке дейінгі ұйымдар жағдайында іс-шараларды (Ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және т.б.) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар»» талқылау. 3. Балаларға арналған мерекелерді ұйымдастырудың әртүрлі нысандары(ұсыныс) **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** - 2026-2027 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау есебін жасау			педагогтар
	№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС: **Тақырыбы:** «2026-2027 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар» **Мақсаты:** оқу жылын талдау және қорытындылау. Келесі жылға міндеттер мен басым бағыт қою: - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. **Педагогикалық кеңестің күн тәртібі** 1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2026-2027 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2026-2027 оқу жылындағы жұмысты талдау. 3. Балалардың даму мониторингін талдау. Мектепке дейінгі ұйым	Қорытынды	Мамыр	меңгеруші, әдіскер, педагогтар

	мамандарының 2026-2027 оқу жылындағы қызметі жөнінде есептері. 4. 2026-2027 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 5. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 6. Педагогикалық кеңестің шешімі.			

2.3.Әдістемелік кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: әр педагогтің педагогикалық қызметінің жеке – бірегей және тиімді жүйесін қалыптастыру және дамыту, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мақсаты мен жылдық міндеттерін шешуде жағдай жасау.

№	Тақырыбы	Түрі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
1	**№1** **Тақырыбы:** Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру. **Мақсаты:** 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік қызмет шеңберінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметін ұйымдастыру. **Күн тәртібі:** **1.МДҰ педагогтерінің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу, жалпылау жоспарын қарау және бекіту.** Педагогтердің жетістіктерін мониторингтеу нысандары мен әдістерін талқылау. Жауапты тұлғаларды анықтау.	Дөңгелек үстел	Қыркүйек	Әдіскер

	Материалдарды ұсыну мерзімдері мен нысандарын бекіту. **2.Жаңадан келген педагогтермен жұмысты жоспарлау. Тәлімгерлік.** Жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсыну және бекіту. Тәлімгерлік сызбасын талқылау және бекіту. Тәлімгерлерді тағайындау. **3. Шығармашылық топтың құрамын сайлау** - шығармашылық топтар жүзеге асырған жобалар, іс-шаралар, инновациялық тәсілдер туралы ақпарат; - енгізілген идеялардың тиімділігін бағалау; 4.**МДҰ базасында өткізілетін конкурстардың ережелерін қарау.** Жоспарланған кәсіби және балалар конкурстарының тізімімен танысу. Қатысу шарттарын, бағалау критерийлерін және өткізу мерзімдерін талқылау. Ұсыныстар енгізу, ережелерді бекіту.			
2	**№2** **Тақырыбы**: «Педагогтердің өздігінен білім алуы білім беру процесінің сапасын арттыру» **Мақсаты:** Үлгілік жалпы білім беру бағдарламасын іске асыру контекстінде МДҰ педагогтерінің өз бетінше білім алу қызметін талдау. **Күн тәртібі:** **1. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде МДҰ**	Дөңгелек үстел	Ақпан	Әдіскер

	педагогтерінің өз бетінше білім алу жұмысын ұйымдастыру: - педагогтердің өздігінен білім алуының жеке бағыттарының тақырыбына шолу жасау; - педагогтерді өздігінен білім алу процесінде қолдау және сүйемелдеу нысандары; - МДҰ жұмыс тәжірибесіне өздігінен білім алу нәтижелерін енгізу. **2. Тәрбиешілердің өздігінен білім алу тиімділігін зерделеу нәтижелері:** - сауалнама, әңгімелесу, құжаттаманы талдау қорытындыларын ұсыну; - педагогтердің табысты тәжірибелерінің үлгілері; - өздігінен білім алу бойынша жұмысты жандандыру жөнінде қорытындылар мен ұсынымдар. **3.Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі кәсіби конкурстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуын алдын ала талдау:** - қатысу және нәтижелер туралы мәліметтерді жинақтау; - құзыреттілікті арттыру үшін кәсіби оқиғалардың маңыздылығын талқылау; - одан әрі қатысу бойынша ұсынымдар әзірлеу. **4.Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуінің аралық мониторингінің қорытындылары:** - топтар бойынша талдамалық деректерді ұсыну; - бастапқы мониторинг нәтижелерімен салыстыру;			

	- түзету жұмыстарының динамикасын анықтау және жоспарлау.			

2.4.Семинарлар, семинар-практикумдарды өткізу

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, шығармашылық потенциалын дамыту, әдістемелік қолдау көрсету

№	Тақырыбы	Түрі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
1	«Адал азамат» біртұтас бағдарламасының жаңартылған мазмұны бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру	Дөңгелек үстел	Қараша	Әдіскер
2	Балалармен жұмысты ұйымдастырғанда білім беру кеңістігін кеңейтетін цифрлық ресурстарды пайдалану	Практикалық семинар	Желтоқсан	Әдіскер
3	Ойын арқылы тәрбиелеу- мектепке дейінгі ұйымдарда геймификацияны қолданудың тиімді жолдары	Шебер сынып	Желтоқсан	Әдіскер

2.5.Ашық есік күніне қатысу

Мақсаты: ата-аналар санасында балабақшаның оң имиджін қалыптастыру; балабақша ұжымының балалармен тәрбие-білім беру жұмысының барлық түрлерін көрсету; тәрбиеленушілердің отбасыларымен және әлеуметтік серіктестермен әріптестік қарым-қатынас орнату.

№	Тақырыбы	Түрі	Орындау мерзімі	Жауаптылар
1	«Бақшадағы менің бір күнім» Ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек беріп балабақша жұмыс ретімен танысуға мүмкіндік беру	Ашық есік күні	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері және ата-аналар
2	«Балаларды сауықтыру бойынша балабақша жұмысының профилактикалық жүйесімен танысу»	Ашық есік	Сәуір	Топ тәрбиешілері

		күні		және ата-аналар
3	Ата-аналар, педагог-Меңгеруші, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде Кіші топ та ашық есік күні	Ашық есік күні	Мамыр	Ата-аналар, Меңгеруші, бастауыш сынып мұғалімдері

2.6.Балабақшада қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті

№ р/с	Тақырыптар	Мерзімі	Жауаптылар
4 жастағы балалар үшін			
1	Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері	Қыркүйек	Ересек топ
2	Жедел қызмет телефондары	Қазан	Ересек топ
3	Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар	Қараша	Ересек топ
4	Көмекші- ескерту: іздеу немесе тұру керек пе?	Желтоқсан	Ересек топ
5	Үйдің мекен-жайы мен ата-аналардың телефон нөмірлерін үйрету	Қаңтар	Ересек топ
6	Үйдегі және ауладағы жануарлардың айырмашылығы	Ақпан	Ересек топ
7	Сенімділік шеңберлері, ересектердің ережесі: егер бейтаныс адам есікті қақса, не істеу керек?	Наурыз	Ересек топ
8	Қауіпсіз тамақтану ережелері, гаджеттерді қарап отырып, тамақтануға бола ма?	Сәуір	Ересек топ

9	Үйдегі қауіпті заттар	Мамыр	Ересек топ

2.7.Балаларының жолда жүру қауіпсіздігіне бағытталған іс – шаралар

№	Іс – шара атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар	Өткізілетін топтар
1	«Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік!» тақырыбында сурет байқауы Кіші топ арасында	Қыркүйек	Ересек топ тәрбиешілері	Ересек топ
2	«Көшедегі қауіпсіздік» тақырыбында ашық көрсетілім	Қараша	Ортаңғы топ тәрбиешілері	Ортаңғы топ
3	«Көлік түрлері» тақырыбында байқау ұйымдастыру	Желтоқсан	Кіші топ тәрбиешілері	Мектепалды топ
4	«Жолда жүру ережесін білеміз бе?» атты тәжірибелік (практикалық) сабақ	Қаңтар	ересек топ тәрбиешілері	ересек топ
5	Жол полициясы қызметкерлерімен кездесу өткізу	Ақпан	Жергілікті полиция қызметкері	Барлық топтар
6	Балалардың жолда жүру ережелерінің сақталу жағдайын қадағалау	Тұрақты түрде	Балабақша басшысы	Барлық топтар
7	«Көшеде жүру ережесінің» жүргізілуін қадағалау	Тұрақты түрде	Балабақша басшысы	Барлық топтар
8	Жолда жүру ережесіне байланысты бейнефильмдер көрсету	Мамыр	ересек, ортаңғы топ тәрбиешілері	ересек, ортаңғы топ
9	Атқарылған іс – шараларды әлеуметтік желіге тұрақты түрде жариялап отыру	Тұрақты түрде		Барлық топтар

2.8.Инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі
1	Жобалық оқыту технологиясы	Инновациялық жұмыстар өзіндік жоспарлауға негізделеді, процесс даму моделі жүйеленіп жоспарланады, режимде басқару және педагогикалық қызметкерлердің басқарушылық қызметі үшін шешім әзірлеу және қабылдау машықтары, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің топпен жұмыс істей білу қабілеті артады.	Барлық топ	1 жыл	Дөңгелек үстел
2	Ойын арқылы тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйымдардағы геймификация	Геймификация элементтері арқылы оқыту мен тәрбиелеу арқылы оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жетілдіру, оқу тәрбие процесіне тиімді енгізу жолдарын енгізу, геймификация бойынша қосымша ресурстармен қамтамасыз ету.	Барлық топ	1 жыл	Күнделікті іс-әрекетте
3	Интерактивті технология	Интерактивті технология білім беру процесінің жалпы тиімділігін айтарлықтай жақсартуға ықпал ететін жоғары өнімді оқыту моделінің жетекші шарты болатынын түсінеді. Сонымен қатар материалдарың сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастырудың жаңа, ең прогрессивті әдісін қолдана алады	Кіші топ	1 жыл	Күнделікті іс-әрекетте

2.9.Эксперименттік әрекетке қатысу.

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі

1	Заттық-дамытушы ортаны толықтыру	Эксперименттік қызмет бойынша заттық-дамытушы ортаны толықтыру	Әдіскер Тәрбиешілер	Қыркүйек	Ресурстар
2	«Құм. Құмның қасиеті»	Құмның қасиеттерімен танысу	ортаңғы топ тәрбиешілері	Қараша	Тәжірибелік жұмыс
